

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ
АДМИНИСТРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
EXECUTIVE OFFICE OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНГРЕСС ИСТОРИКОВ
NATIONAL CONGRESS OF THE HISTORIANS



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІ:
ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ» атты**
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН И ЕВРАЗИЙСКОЕ ПРОСТРАНСТВО:
СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»,**
посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

WORKS
of the international scientific-practical conference
**«THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EURASIAN SPACE:
THE PRESENT AND THE FUTURE DEVELOPMENT»**
dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

II бөлім • часть II • part II

АСТАНА
2016

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

Қ18

Бас редактор: Сыдықов Е.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Редакция алқасы:

Молдажанова А.А. – п.ғ.д., профессор, оқу ісі жөніндегі проректор

Қамзабекұлы Д. – ф.ғ.д., профессор, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

Айтмағамбетов Д.Р. – ректордың аппарат жетекшісі

Пауло Ботта – профессор, Аргентина

Жеребцов И.Л. – т.ғ.д., профессор, Ресей

Гюрер Гульсевин – т.ғ.д., профессор, Түркия

Садықов Т.С. – т.ғ.д., профессор, тарих факультеті деканы

Көмеков Б.Е. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Дүкенбаева З.О. – т.ғ.д., профессор, Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі

Алпысбес М.А. – т.ғ.д., профессор

Бердагулова С.К. – т.ғ.к., доцент

Абдрахманова Г.С. – т.ғ.к., доцент

Сыздық С.Қ. – магистр, оқытушы

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.

Мнение авторов публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной коллегии.

The opinion of the authors of publications do not necessarily coincide with the views of the editorial board.

Қ18 «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, II б. 435 б. / Жалпы ред.бас. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Труды Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и евразийское пространство: современность и перспективы развития», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, часть II. 435 стр. / Под ред. Е.Б.Сыдыкова – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

Works of the international scientific-practical conference «The Republic of Kazakhstan and the Eurasian space: the Present and the Future Development», dedicated to 25th anniversary of Independence of Kazakhstan, part II. 435 p. / edited by E.B. Sydykov – Astana: Publishing house of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

ISBN 978-9365-31-794-1

Жинақта 2016 жылдың қазан айының 20 күні Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары берілген. Мақалалар автордың редакциясымен жарияланды.

В сборнике представлены труды международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, прошедшей в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Астана, 20 октября, 2016 г. Материалы публикуются в авторской редакции.

The collection contains the works of the international scientific-practical conference dedicated to 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, which was held at the L.N. Gumilyov ENU. Astana, October 20, 2016. Materials are published in author's version.

ISBN 978-9365-31-794-1

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ – 1. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ / ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ

Абдрахманова Г.С., Каратаев О.К. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА	3
Абдрахманова К.К. ТОРГОВЛЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ В ГОРОДАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА В 1950-1970-е ГОДЫ	6
Абуев К.К. СИБИРСКОЕ ХАНСТВО В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ОТНОШЕНИЙ (историография проблемы)	9
Азмұханова А.М. ЖӘДИДТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ.	14
Азнина К.А. ҚОЙЛЫБАЙ БАҚСЫНЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ МҰРАСЫ	19
Алибек С.Н., Косанбаев С.К. ОПИСАНИЕ ТРАДИЦИОННОГО УКЛАДА ЖИЗНИ И БЫТА КОЧЕВЫХ КАЗАХОВ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ (НА ПРИМЕРЕ Н.ЗЕЛАНДА, Н.КАЛМАКОВА, Г.И.СПАССКОГО И Б.ЮЗЕФОВИЧА)	21
Алпысбес М.А. ШЕРУШІ БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР ТУРАЛЫ ТАРИХИ-ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМЫ	24
Альжанова Э.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬНОЕ ДЕЛО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА	30
Амрина М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕГЕН Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТАРИХЫ	32
Анасова А.Б. МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУЫ	41
Арапов Ж.М. ҚАЗАҚ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ НАЙМАН ТАЙПАСЫНЫҢ ОРНЫ	43
Ахметшина Г.У. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК	47
Базылхан Н. ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ (VII–XIV ВВ.) (этносемантические проблемы погребально-поминальных комплексов)	51
Балгабаева Г.З. РАЗВИТИЕ ВОЕННОГО ДЕЛА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ЗАРОЖДЕНИЯ КОЧЕВНИЧЕСТВА	57
Балыкова А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ)	60
Баширова А.М. МЕЧЕТИ И МЕДРЕСЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ	62
Баязитова Р.Р., Дукенбаева З.О. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ	63
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. ОСВЕЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА В АКАДЕМИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ: ПАРАЛЛЕЛЬНАЯ ДЕМОСТРАЦИЯ	68

Беспалинов А.Т. К ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ИССЫКСКОГО ХОЛОДНОГО ОРУЖИЯ АКИНАК В СРАВНЕНИИ С ОСТАЛЬНЫМИ НАХОДКАМИ	71
Біләлова Г.Д. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АҢ СТИЛІ	77
Брынза Т.В. ХАРАКТЕРИСТИКА ВЕДУЩИХ ТИПОВ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЭПОХИ СРЕДНЕЙ БРОНЗЫ УРАЛО-КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЕЙ	80
Бурлуцкая (Банникова) Е.В. ОРЕНБУРГСКИЕ КУПЦЫ ДЕЕВЫ В РУССКО-АЗИАТСКИХ КОНТАКТАХ XIX ВЕКА	83
Дауконова Р.Т., Рамазанова Ф.С. НАУЧНОЕ ОПИСАНИЕ КРАЯ В МАТЕРИАЛАХ ДЕЯТЕЛЕЙ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОДОТДЕЛА ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ОТДЕЛА РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА	86
Джуманиязова Н. Х. ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ XVIII-НАЧАЛЕ XX ВВ. (НА МАТЕРИАЛАХ ОРЕНБУРГСКОЙ ГУБЕРНИИ)	89
Дүкенбаева З.О., Қоскеева Ә.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ	93
Dukenbayeva Z.O., Shabambayeva A.G. ABOUT THE RESEARCH OF AKZHAN MASHANOV IN THE ANCIENT HISTORY OF KAZAKHSTAN	96
Елтай А. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ	98
Ерболова А.Е. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТРУДОВ ИБН-ФАДЛАНА В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	100
Ерменбаева Г.К. ВКЛАД ТУРГАЙСКОГО СТАТИСТИЧЕСКОГО КОМИТЕТА В ИЗУЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА	104
Есимова Ж.К. МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ	107
Вонора G. L., Habdulina M.K. INSCRIBED VESSELS AND SILVER ARTEFACTS FROM SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1 ST MILLENNIUM BC	111
Жанақова Н.Т. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	118
Жанғалиев У.К. ҚЫПШАҚТАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	121
Жаркенова А.М. КЕҢЕСТІК ОДАҚ ДӘУІРІНІҢ 50-80-ЖЖ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ	124
Жаркенова А.М., Жардемова А.А. САРАЙШЫҚ - ЕЖЕЛГІ ҚАЛАНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ	129
Жауымбаев С.У. ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ	131
Жумабаева Ж.К. ПРОБЛЕМАТИКА КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА(1920-1990)	135
Жұмабаева Ж.К. «САРАЙШЫҚТЫҢ КРЕМЛІ» МӘСЕЛЕСІ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ	138
Ибадуллаева З.Ө. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СУНАҚТАР	142

Исенов Ө.И. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕР ХАҚЫНДА	144
Искакова К.Ы., Оразаев С. Б. «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТІ – ЛЕНИНГРАД МАЙДАНЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ	147
Исмаилов С.С., Бисембаева А.К. СТАНОВЛЕНИЯ И ЖИЗНЕННЫЕ ОРИЕНТИРЫ Ч.ВАЛИХАНОВА	149
Кабульдинов З.Е. «РАЗНОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЕ» ИЛИ ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА (к вопросу о реализации «Доктрины национального единства Казахстана»)	152
Кабылбекова Б.Т. НАУЧНАЯ И ТВОРЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАРЛАГА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	157
Кабылтаева С.К. РОЛЬ КАЗАХСКИХ ХАНОВ И БАТЫРОВ В ОХРАНЕНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В БОРЬБЕ ПРОТИВ «ДЖУНГАРСКОЙ АГРЕССИИ»	159
Каиржанов А.К. ТАМГОВАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО АЛФАВИТА	162
Калыш А.Б. К ВОПРОСУ ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ РАЗВОДОВ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ	167
Карибекова М.Е. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫЛАР ҚЫЗМЕТІ	169
Касенов Е.Б. К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	173
Козаченко Е.А. ЖИЛИЩНО-БЫТОВАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ ЛЮДЕЙ В 70-х ГОДАХ XX ВЕКА НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА	176
Крыкбаева С.М. ӨНЕРДЕГІ РӘМІЗ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ	178
Кусаинова Ж.Д. ДВИЖЕНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА: ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ	181
Кушкумбаев А.К. ИСТОРИЧЕСКАЯ СЕМАНТИКА ТЕРМИНА «ЗОЛОТАЯ ОРДА»	184
Қабықаев Е.Ж. КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ	188
Қашқымбаев А. ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ	191
Қуандық Е. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ	193
Мағзумова А.С. ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРДЕ	201
Мажитов С.Ф. ФЕНОМЕН «ЭПОХИ ПЕРЕМЕН» И НАЧАЛО СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (1985-1999 гг.)	204
Макашева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УСТРОЙСТВА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ: ЭКСКУРС В ИСТОРИЮ	207
Малыбаева Б.С. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920-30-ЫЕ ГОДЫ	210
Маутканова А.Т. ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1999 – 2016 гг.	213

Молдабай Талғат КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ АВТОХТОНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	215
Мурат Уали ТРИ КЛАНА, ТРИ ЧАСТИ, ТРИ ЖУЗА	219
Мусабекова Р.М. О РЕПРЕССИРОВАННОМ ПИСАТЕЛЕ КАЗАХСТАНА (о писателе Ю. Домбровском)	221
Мусабекова У.А., Абилкасым М. ЭТНОКУЛЬТУРА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКОВ)	225
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МАХМҮД ҚАШКАРИ	227
Нуржанов А.А. КЕРАМИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ ГОРОДИЩА КУЛАН	230
Оросхан Б. ТОРЕВТИКА ЖӘНЕ КӨШПЕЛІЛЕР ӨНЕРІ	235
Өтениязов С. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	237
Pedraski M, Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. ПОЛЬСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ОБЛАСТИ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ	242
Петрич Л.В. МЕТОДЫ РАБОТЫ ПО ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ НЕРУССКИХ НАРОДОВ ОРЕНБУРЖЬЯ В 1920-1930-Е ГОДЫ	244
Рамазанова Ф.С., Балапанова Э.М. ФОРМИРОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РУКОВОДСТВА МОДЕРНИЗАЦИЕЙ КУЛЬТУРНОЙ СФЕРЫ КАЗАХСТАНА (20-30 ГГ. XX В.)	247
Рахимбекова А.К., Ботаева З.Ф. ВКЛАД П.И. РЫЧКОВА В ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСТАНА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ	250
Рахимбекова А.К., Садвакасова С.У. ИЗ ГЛУБИНЫ ВЕКОВ: ИСТОРИЯ И ЗНАЧЕНИЕ НАГРАД	252
Сабитов Ж.М. ДЖАМИ АТ-ТАВАРИХ КАДЫРГАЛИ ЖАЛАИРИ КАК ИСТОЧНИК О ЖИЗНИ УРУС-ХАНА	255
Садвокасова З.Т., Султанова А. ПУБЛИКАЦИИ ПО ПРОБЛЕМЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПАРТИЙНО-СОВЕТСКОЙ НОМЕНКЛАТУРЫ	258
Садыков Т.С., Жакиянова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫНЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ	261
Сайлаубаева Н.Е. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ	263
Сейтказина Қ.О., Тұрсынбек Ж.Қ. ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ	266
Сейткалиев М.К., Буранбаев Р.Н. ИССЛЕДОВАНИЕ СВЯТИЛИЩ ПОЛУОСТРОВА ТУПКАРАГАН В 2015 ГОДУ	268
Сембаева Ә. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ	270
Сураганова З.К. НЕМАТЕРИАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО АЛТАЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ	272
Сыздыкова А.М. ОРГАНИЗАЦИЯ ГОРНОГО ДЕЛА В ПРОШЛОМ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ	276

Сыздық С.Қ. ЖАҢА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ	278
Танатарова Ж.Т., Кенжебаева С.Е. ИДЕЙНАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ МУСУЛЬМАН В ДО-РЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД	281
Тастекова Г.Б. 1920-шы ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН АНЫҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	287
Ташагыл А., Акмадиева Г.П. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	290
Тлеугабұлов Д.Т., Свиридов А.Н. ТОПОГРАФИЯ ПОСЕЛЕНИЙ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА САРЫАРКИ	293
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫНДА 2016 Ж. ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (бастапқы хабарлама)	297
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ	304
Тұлбасиева С.К. XIX-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ	308
Түлекова М.К. ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨШІ-ҚОН	312
Туменова Л.Е. XIX Ғ. ҒАЛЫМДАР, САЯХАТШЫЛАР, ЭТНОГРАФТАРДЫҢ БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	315
Зәкенұлы Т. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АРҒЫ БАСТАУЛАРЫ	319
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ	327
Хабдулина М.К. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ПРОБЛЕМ РАННЕСРЕДНЕ-ВЕКОВОЙ АРХЕОЛОГИИ САРЫ-АРКИ	332
Шаймердинова Н.Г., Төребекова С.М. КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨСЕМШЕ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ	335
Шаймуханова С.Д., Баймағамбетова Ж.М. ПРОБЛЕМА ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ К ВОССТАНИЮ 1916 ГОДА В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	338
Шахаман З.Б. ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (1999-2016 ГГ.): КРАТКИЙ ОБЗОР	340
Шойбекова А.С. РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ 1945-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАЙЫМДАУЛАР	344
Шыныбеков Б.Ш. ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІКТЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ	346
Ыбырайхан М.Ы. СІБІРЛІК КӨПЕС С.А. ПОПОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ЗАУЫТ ІСІ	350
СЕКЦИЯ – 2. ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ / СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЕВРАЗИЙСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Л.Н. ГУМИЛЕВА	
Айтмағамбетов Д.Р. ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ	354
Арапов Ж.М. ГУМИЛЕВТІҢ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНА ЗЕРТТЕЛУ КӨЗҚАРАСЫ	356

Әлібек С.Н. Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН СІПАТТАУ	358
Байбулсинова А.С. ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ	360
Байбулсинова А.С., Серикова Л.С. ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: ЗАМАНАУИ ТАНЫМ	362
Бикенов А.Х. Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРІК ҚОҒАМЫНА ТӘН БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ	367
Болатұлы Нұржан «ҚАЗАҚ ЕЛІ САЯСАТЫ – ТЫНЫШТЫҚ ҒӘМ ТҮРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»	370
Бүлекбаев С.Б., Алямова З.А. К ВОПРОСУ ВКЛАДЕ НОМАДОВ В МИРОВОЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ	373
Жақия М.Қ. КАРЛАГ - ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ ...	376
Искакова К.Ы., Елтай Ақтан Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ ИДЕЯСЫ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ ТЕОРИЯСЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ	379
Кабылтаева С.К., Комарова Дамира ЕВРАЗИЙСКИЕ ИДЕИ ЛЬВА НИКОЛАЕВИЧА ГУМИЛЕВА И СОВРЕМЕННОСТЬ	382
Кала Н.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	384
Кенжебай Р.Н. Сейдахметова Г.Т. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ	386
Любичанковский А.В. ЭТНОЛОГИЧЕСКАЯ ДЕТЕРМИНАНТА ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ВМЕЩАЮЩИЙ ЛАНДШАФТ В КОНТЕКСТЕ КОНЦЕПЦИИ ЭТНОГЕНЕЗА Л.Н. ГУМИЛЕВА	390
Номогоева В., Раднаева Э.Л. СТАНОВЛЕНИЕ БУРЯТСКОЙ НАУКИ В КОНТЕКСТЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	392
Оловинцов А.Г. «ИГО» ИЛИ ТОЛЕРАНТНОСТЬ НА ПРИМЕРЕ СУЩНОСТИ КАСИМОВСКОГО ХАНСТВА В XV-XVII ВЕКАХ	396
Өмірбекова Ж. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ	400
Пилипчук Я.В. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАРЛУКСКОГО ДЖАБУЯТА	404
Radnaeva E., Talgatbek M., Dukenbaeva Z. AKZHAN AL - MASHANI IS A RESEACHER OF THE GREAT STEPPE CIVILIZATION	407
Рахимбекова А.К. ЭТИКА ДИАЛОГА МЕЖДУ НАРОДАМИ: НА ПРИМЕРЕ «ЛЕСА» И «СТЕПИ»	410
Сакенов Д.Ж. ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ МОДЕЛЬ ГЕНДЕРНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ	413
Серикова Л.С. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУВЕРЕНИТЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	417
Сыздықов С.М., Смағұлов Н.Б. КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ТҮРІКТЕРДІҢ «МӘҢГІ ЕЛ» САЯСИ МАНИФЕСТІ	419
Шалдарбекова А. К ВОПРОСУ О ГЕОГРАФИЧЕСКИХ И ХРОНОЛОГИЧЕСКИХ РАМКАХ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	426

асырыла бастайды. Бірақ осы халыққа ұсынылған тың жобалар мен инновациялық реформалардың нәтижелі болуының басты шарты: біздің татулығымыз деп реформалардың ішінде бірегейлік және бірлік деген бағытты, оның екі негізгі тетіктерін атайды. «Біріншіден, Қазақстан халқы Ассамблеясы институты. Жүзден астам этностық топтар тұратын Қазақстан жері олардың нақты Отаны. Бұл жерде «Бір ел – бір тағдыр» деген ұстанымымыз бен бірлігімізді сақтап келе жатқан елміз. Бүгінгі таңда соны мақтан етеміз. Екіншіден, бұл жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясы. Елбасы осы идеяны 2012 жылы бірінші рет айтқан болатын. Қазақстанның тамаша бір артықшылығы 100 ден астам ұлттар мекен еткен кең байтақ жерімізде бірлік пен ынтымақ орын алып, осы бейбітшілік пен асқақ арманымыз жетелеген «Мәңгілік елге» айналу мұратымыз жүзеге асуы тиісті. Сондықтан еліміз Қазақстанның өркендеуіне, арманымыздың шындыққа айналуы өзімізде, сендер жастарда себепкер ретінде ат салысайық.

Байбұлсинова А.С., Серикова Л.С.

ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: ЗАМАНАУИ ТАНЫМ

«Халқымыздың қастерлі Тәуелсіздігі мен Мәңгілік Еліміздің болашағы мені үнемі толғандырады. «Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы қандай болу керек?» деген сауалды мен өзіме сәт сайын қойып отырамын. Осы жайындағы ой орамдарын қағазға түсіріп «Тәуелсіздік толғауы» деп атағым келді». (Н.Ә.Назарбаев. Тәуелсіздік толғауы. Астана, 15 желтоқсан, 2014 ж.).

Кезінде Н.Ә.Назарбаев: «Егер келешекте қолымнан іс келетін азамат бола қалсам, қазақ деген халықты дүниежүзіне танытып, терезесін тең етер едім», - деп армандаған болатын. Жасыратыны жоқ, бүгінде асқақ арманы орындалды. Қазақты дүние жүзі таныды. Оның кең байтақ даласын, қазынасы мол жерін, дархан жатқан бейбіт елін дүниенің төрт бұрышы біледі. Кезінде назардан тыс жатқан, Еуразия кіндігіндегі қазақ елі де сыртқы саясатта өз орнын айқындап, төрткүл дүниемен айналасы аз ғана уақыт ішінде байланыс орнатты. Ал ел өміріндегі осындай маңызды тарихи кезеңдерде мемлекеттің Тұңғыш президенті Н. Назарбаевтың еңбегі өлшеусіз. Тарихымыздың ең бір күрделі де қайшылықты кезеңінде ел билігін қолға алған Н.Ә. Назарбаев, ел басқару ісінде, ел үшін маңызды саяси науқандарда қазақ ұлтының тарихи тұлғаларының қасиетті сөздері мен ұлағатты өсиеттерін негізге ала отырып, қазақ тарихындағы қайраткерлеріміз бен даңқты билеушілерінің тәжірибесіне сүйенгендігі ақиқат.

Елбасы саясатында ұлттық тарихқа ерекше көңіл бөлінеді. Тарихымыздың барлық дәуіріндегі маңызды кезеңдерді саралай отырып, тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасу, нығаю және даму тарихы жан-жақты қарастырады. Осы тұрғыда елбасы Н.Назарбаевтың көпшілікке таныс «Әділеттің ақ жолы», «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Қазақстанның болашағы қоғамның идеологиялық бірлігінде», «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан — 2030», «Қалың елім қазағым», «Қазақстан – Ресей қатынастары», «Тарих толқынында», «Бейбітшілік кіндігі», «Сындарлы он жыл», «Еуразия жүрегінде», «Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі», «Тәуелсіздік белестері», «Қазақстан жолы» т.б. еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектер жанры жағынан заманхат, естелік, ойтолғау, сұхбат, теориялық негіздеме, аналитикалық талдау, теориялық болжам, тарихи талдау болып келеді. Ел басқару ісінде елбасы мемлекеттік саясаттағы негізгі ұстанымдары ретінде шекарасы орныққан қазақ елінің күні бүгінге дейінге дейін әлем елдері арасында сақталуы, ұлт ретінде, халық ретінде өмір сүруі ата тарихымыздың құдіреттілігінде, өміршеңдегінде, оны атадан балаға жеткізіп отырған халықтық деректер-шежіресі мен салт-дәстүрді сақтауында екендігін мойындайды.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.М. Атабаев: «Егер, деректің әлеуметтік табиғаты, сол деректі жасаушы субъектінің қоғамдағы орнымен анықталатындығын ескерсек, онда Н.Ә. Назарбаев еңбектері тұңғыш Президентіміздің өзі және Қазақстан халқы туралы құнды мағлұмат бере алатын маңызды дерек көздері міндетін де атқарады. Демек, Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіздік қарсаңында және тәуелсіздік жылдарында жазған еңбектері тек тәуелсіздік тарихының ғана емес, сонымен қатар оның Елбасы ретіндегі өз тарихының да, дәлірек айтсақ, өмірі мен қызметінің, саналы іс-әрекетінің, мақсаты мен мүддесінің, саяси көзқарасы мен қоғамдық және азаматтық позициясының қалыптасуы және даму динамикасы тарихының да дерек көздері. Сондықтан тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті ретіндегі де, әлемдік деңгейдегі тарихи тұлға ретіндегі де бейнесін айқындап, тәуелсіз Қазақстан мемлекетін

қайта құру және нығайту ісіндегі рөлі мен орнын аша түсуге көмектесері анық»- деп атап көрсетеді. Шын мәнінде мемлекет және ұлт тарихын жасаудағы жеке тұлғаның рөлі маңызды екендігін ескерсек, профессор Қ.М. Атабаев мырзаның бұл пікірімен толық келісе отырып, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті ретінде саяси ұстанымдары төл тарихымыздың нағыз бет-бейнесін анық көрсететін ұлттық-халықтық саясатты бағдарлаған қайраткер деп бағалауға болады.

Шынында да қазақ халқының «Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас» деген дана сөзі бар. Қазақ елінің тарихи, әлеуметтік - мәдени құбылыс ретінде қалыптасуы көп сатылы, оның өркениеттік баламасы, кезеңдері әрқалай. Тарихтың әр кезеңінде, елдік кеңестіктің алуан өңірінде ұлыстық және ұлттық құндылықтардың айналымы бұрын - соңды үзілмеді, жалғасын тапты. «Отаны бірдің ойы ортақ, әрекеті үйлес болды». Қазақстан аумағындағы халықтың дүниетанымы, өмір сүру ережесі алдымен ұлттық тұтастығын, сол арқылы ұлттың мүддесі, жердің, тарихтың, мәдениеттің, тілдің тұтастығын, байлығын сақтап отыруға бағытталған. Әрбір дербес мемлекеттің үдемелі дамуы мен кемел болашағы үшін мемлекеттік идеология және ортақ тарихи сана тұғырнамасы болуы шарт. Әлем елдерінің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, тарихқа негізделген мемлекеттік идеология қоғамды біріктіруші, сақтаушы және дамытушы алып күш. Мысалы, Қытай Халық Республикасы, Корей елі, Жапония, Ұлыбритания, Испания т.б. елдері ұстанымдары бар. Әлемді өзіне қаратқан бұл мемлекеттердің ерекшелігі - мемлекеттік жүйе -ұлттық жүйе, ұлттық тарихи сананың өркениетінің нәтижесі деп қарастырады. Ал ол жүйедегі адамның өзі – тарихи жан иесі, бұл оның әлеуметтік табиғатына ғана емес, әрі руханилығына қатысты. Өйткені адамзат ұрпағы өткен тарихты және тарих қатынасы барысында ғана қоршаған әлемді, ондағы өзін тани алды. Сондықтан адамзат ұрпағының болмысқа және өзіне қатынасының өзі тарихи мәселе болып табылады.

Жаһанданумен жағаласа жүріп, ең дамыған 30 елдің қатарына кіруге бет түзеген Қазақстанның көшбасшысы, Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевта елдікті нығайтатын бір ғана ұстаным – ел ішіндегі татулық пен тұрақтылықтың кепілі, ынтымақ пен берекенің туы ретінде халықтың рухани қазынасына айналған тарихи санасын қалыптастыруды қолға алды. Ұлттық қасиетке ерекше мән беретін бабаларымыздың даланың қасиеті мен адамның қасиетін қатар танып, елдігімізді сақтап қалған еңбегін Елбасымыз осылайша өзіне қайтарып, кейінгі ұрпаққа аманаттауға өзіне міндеттеді.

Арғы бабаларымыз тарихқа ықыласпен ден қоюдың маңыздылығын сөзімен де, ісіменде өсиеттеп кеткен.

Тарихтың қай дәуірінде болмасын тағдырын анықтағыш позиция адамға, адамдар қауымдастығына, солардың интеллектуалдық қарымы мен әрекетіне тиесілі екен. Тарихты жасайтын – халық дейтініміз осыдан. Дегенмен халықты құрайтын адамдардың бәрі бірдей шетінен әрекетшіл, қисынын тапқыш, кемел, ізгі ниетті, дос, жолдас, бауыр емес. Қоғамдағы әлеуметтік-кәсіби айырмашылық пен жіктелудің тереңдей түсетіні және бар. Мұның сыртында әркімнің кешеден бүгін, бүгіннен ертең жақсы өмір сүруді қалайтыны занды құбылыс. Ол үшін материалдық және рухани игіліктерді өндіруді ұлғайтқан үстіне ұлғайта түсу керек. Алыс –жақын халықтар мен мемлекеттер тарапынан туатын қауіп-қатерден сақтанбаса, жиған-тергеннен оп-оңай айырылуы ғажап емес. Қысқасы, мемлекеттік саясат сияқты тарихтың жолы қайшылықтар мен қиыншылықтарға толы. Бұлар қарапайым малшы мен диханның да, зергер мен ұстанында, жас пен кәрінің де, ерлер мен әйелдердің де алдынан әркез шыққан, әрі шыға да береді. Сондықтан, әр заманда күрмеуі көп құбылыстың шешіміне қол жеткізген, ой мен әрекеті арқылы маңызды шешімдері мен тиімді жолын таба білген, халқына қалқан болған Тарих тұңғығындағы Тұлғалар туралы жан-жақты зерттеп, олардың қызметі мен іс-әрекетін зерделей отырып, Елбасы үнемі үлгі алуға шақырды. Мемлекеттік деңгейдегі қолға алынған шаралар нәтижесінде еліміздің бүгінгі сауатты халқы халық даналығынан туған аңыз әпсаналар мен жырау-шешендеріміздің мұраларын қайта жаңғыртып, ол арқылы ел тарихында ойып тұрып орын алған бірегей немесе қазіргі сөзбен айтқанда – көшбасшы-лидер тұлғаларды жақсы тани біледі. Парсы әскерін шөл далада адастырған Шырақта, күй атасы Қорқыт та, ғылым қуып қиырға кеткен Әл-Фараби де, азаттық жолында құрбан болған Махамбет, Кенесары, Арынғазы хандар да қазіргі кезеңде өзінің шынайы бағасын алған тұлғалар. Сол тұлғалардың артында қалған мұрасын танып сан ұрпақ санасын байытты, қиялына қанат бітірді. Елбасының мұрындық болуымен жаңарған, жаңғырған тарихи сана бүгінгі таңда да 5 мың жылдық тарихы қатталған Тәуелсіз Қазақстанда да ұлттық патриотизмді қалыптастыру ісіне қызмет етіп тұр.

Тарих қатпарларында қатталған ұлттық өркениет пен жоғары дүниетанымы арқасында көреген қазақ халқы жаңашылдыққа құмар, инновацияны, астрономия мен медицина, тіл ғылымдарын әлқашан

меңгергенін көрсететін дәлелдер көптеп табылды. Көрнекті тарихшы Хангелді Махмұдұлы Әбжановтың пайымдауынша: «Арғы қазақтар, байырғы түркілер аспанда самұрық құстай қалқуды армандады. Құстай ұшса, уақыттан озатынын, бөсекеде басым түсетінін, ең бастысы – материалдық-рухани игіліктерді «тиімді қолдана отырып-А.Б.» жаңа межеге жететінін ұғынды». Алғашқыда бұл, аңыз-әңгімелер мен ертегідегі қиыл сияқты көрінгені мен оның ықтималды идея сатысына жеткенін ғалымдар дәлелдеп шықты. Академик М.Өтелбаев пен профессор Д.Әубәкірдің математикалық есептеулері мен тарихи пайымдаулары бойынша, байырғы түркілер алғашқы қарапайым ұшу құралын жасай алған. Олар өзі мықты, өзі жеңіл түйе терісінен сырылған кең жайылған батрыпауыққа байланған қыларқандарға ілініп, қатты желдің айдауымен іргелес ел Қытайдың Ұлы Қорғанынан асып түсе алыпты. Батпырауықтарын қорғанның ішінде қалдырмауға тырысып, ұзын арқанға байлап, ұшып кетуге жол бермей, ұстап тұрып, қайтарып алып отырған. Ғалымдардың есебіне ден қойсақ, әбден өңделіп, шытырлақ күйге дейін созылып кептірілген екі атан түйенің терісінің аумағы 12 ш.м.-дан кем болмайды, сондықтан бой тұрпаты жинақы (60 кг). Жас сарбаз үшін әрі кеткенде екі-үш түйенің терісі жеткілікті болған. Содан ғалымдар «тегіңде біздің бабалар ұшудың бірер түрін басқа халықтардан әлдеқайда ертерек игере алды» деген ой-түйінге тоқтапты. Бұдан басқа ғалымдарымыз көптеген мысалдар келтіре алады.

Алайда арғықазақтар, қарапайым ұшу құралын ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйенген нағыз ұшу аппаратына айналдыра алмаған. Өйткені, ортағасырлық жаугершілік, аласапыран заманда озық идеяларын сақтап, оны кейінгілерге үйретіп отыру жүйелі болмаған. Немесе ел билеушілері жие ауысқан сайын басқару тетіктері мен олардың тактикаларыда, дипломатиясы да өзгеріп отырған. Дегенмен, тарих өзі көрсеткендей, адам баласының санасы мен жүрегін мазалаған жаңашыл идеялардың басым бөлігі түбінде жүзеге асады. Өйткені, уақыт өткен сайын әр халық өзінің болашақ даму жолындағы қарышты қадамдарын жоспарлау барысында, бәрібір ұлттың тарихи қатпарларына үңіліп, одан тәжірибе мен ұлттың болмасына тән дәстүрлі үлгіні іздейді. Осы тұрғыда да елдің көшбасшысының тұлғаға лайық миссиясы «...ұлттың болмысы мен ерекше қабілетін ескеріп, олардың тиімді тұстарын Қазақстанның қазіргі инновациялық даму жоспарына енгізу» идеясы маңызды орын алады.

Сонымен қатар, қазақтың тарих толқынындағы негізгі кәсібі мал шарауашылығы мен қолөнерінде зерттеп, насихаттау арқылы ортағасырлардағы сонау Еуропа және шығыстың өркениетті елдерін мойындатқан жылқы баптау (Қазақ даласын, яғни түркі қағандығын Жылқы патшалығы деп атаған), тұрмыстың тамаша заттар мен қару жарақтардың түрлері, емдік шаралары мен данышпандық, шешендік ауыз әдебиеті үлгілерімен таң қалдырғанын шет елдік көптеген деректерде дәлелдейді.

Елбасы үнемі өзі айтып отыратын қазақтың «Ұлтынды сақтаймын десен – қызынды тәрбиеле, руынды сақтаймын десен – ұлынды тәрбиеле» деген қанатты сөздері бекер айтылмаған.

Ел басқару ісінде ең алдымен мемлекеттілік мәселесінде, әрине көптеген сұрақтар туындағаны белгілі. Елдің аузы дуалы ақсақалдары мен көрнекті қайраткерлері, ғалымдар мен саясаткерлер Қазақ елі, қазақ мемлекеттілігі қашан қалыптасты деген мәселе төңірегінде көптеген сан түрлі пікірлер мен дәйектерді алға тартты. Айтыс-тартыс барысында да ел басы 2004 жылы «Мәдени мұра», 2013 жылғы «Халық тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламаларын жариялап, 2015 жылы «Қазақ хандығының 550 жылдығын» атап өтуге шешім қабылдауы, бұл түйткілдердің дұрыс шешімін көрсетті.

Бұдан шыққан қорытынды, ғасырлар бойы қазіргі Қазақстан аумағында ру-тайпа болып қалыптасқан түркі халқының басын қосып, Ақ орданың шаңырағын қайта көтеріп, Жетісуда Қозыбасыда қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек сұлтандар және оның ұрпақтарының атқарған тарихи рөліне берілген баға болатын. Бірақ, олар құрған Қазақ хандығы Қазақ мемлекетінің бастау емес қазақтың алғашқы мемлекеті Ақ орда шаңырағының жаңаша қайта жаңғыруы болатын. Біз қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайридың «Шежірелер жинағында» келтірген «Ата ұлысы» туралы аса құнды деректі мысал ете аламыз. Онда Қадырғали Жалайри «Орыс хан неше жылдар бойы осы елде патшалық қылды. Құйыршық сұлтанды атасынан соң патша етіп таққа отырғызды. Оның ұлы Барақ сұлтан еді. Атасынан соң (Орыс ханнан соң) ол патша болды. Оның ұлы Кіші Жәнібек хан атанды. Осы Жәнібек хан атасының ұлысын өзі биледі» дейді (Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу (монография). –Алматы, Тарих тағылымы, 2010. -728 б. -31 б.).

Қазақ тарихындағы саяси кіндігі бір екі Орданың –Алтын Орда мен Ақ Орданың тізгінін ұстаған Орыс ханның ұрпақтары, «Бір әулет, екі баспалдақ, бір билік» жүйесін қатаң ұстанды (Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті . Екі томдық ғылыми зерттеу (монография). –Алматы, Тарих тағылымы, 2010. -728 б. -647 б.).

Ата ұлысының билік жүйесін Барак ұлдары қазақтың соңғы ханы саналған Кенесары Қасымұлына дейін үзбей жеткізгені белгілі. Міне, сондықтан да қазақ елінің саяси-экономикалық орнықты қалыптасуын хандықтың алғашқы хандары Керей мен Жәнібек ту тіккен Жетісудағы Тараз өңірінде атап өтілуі теген емес еді. Ол туралы елбасы «Менің бабалары батыр, аналары дана халқым бар; тағдырдың талай тауқыметін мойымай көтерген, өмірдің небір шырғалаң кезеңдерінде небір аласапырандарды басынан кешірген төзімді халқым бар, өздерінің халі мүшкіл бола тұра, өзінікі түгел өзге ұлттың жетімін тентіретпеген, қаншама ұлт пен ұлыстарға пана бола білген мәрт халқым бар, ел іргесін сөгілтпей, жерін жауға бермей, аман алып қалған батыр халқым бар, күмбүрлете күй төгіп, тамылжыта ән салып, қырық күн, қырық түн жырланатын дастандарды дүниеге әкелген өнерпаз халқым бар, қаншама данышпан-даналарды, кемеңгер ғалымдарды, алып батырларды, сұңғылы шешендерді, тура билерді дүниеге келтірген тәкәппар да паң халқым бар»- деп тебірене жазады.

«Қатты жерге қақ тұрар, ынтымақты елде бақ тұрар» деген халық нақылын негізге ала отырып, өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында Қазақ хандығының іргесін қалаған Керей мен Жәнібек сұлтандар, мемлекетіміздің тарихи шекарасын қалыптастырып кеткен Хақназар, Тәуекел хандар, уақыт үдесіне лайық реформаларды жүзеге асырған Қасым, Есім, Тәуке хандар, ұлттық идеялогия мен теорияда пәрменді ұстанымдарды және қағидаларды дәйектеген Асан Қайғы, Бұқар Жырау, алаш зиялылары, әскери-соғыс өнерінде – Әбілқайыр хан, Қабанбай мен Бөгенбай батырлар, тәуелсіздік үшін күресте даңқы артқан Абылай, Кенесары хандар, жазба әдебиетте – Абай, Еуропалық өмір салты мен рационализмді орнықтыруда – Жәңгір хан, әлемдік ғылымды игеруде – Шоқан, қазақ ғылымын өрге сүйреуде - Қ.Сәтбаев, кеңестік тоталитаризм қылмысын әшкерелеуде – М.Шоқай, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов. Осындай тұлғаларсыз қазақтың қазақ болып қалуы екіталай еді, халқына адалдықпен ақыл-ойын, әрекетін нәрлендірмегенде қазақ халқы бүгінгі биігіне көтерілмес еді. Демек, Елбасы саясаты ұлттық тарихты - тарихи сана мен таным тұрғысында ой елегінен өткізіп, халыққа да сол бағытты ұстанудың қажеттігіне көзін жеткізді.

Бұған қозғау салған екі үдерісті ерекше атап өткеніміз жөн. Бірі – Елбасы билікке келген сонау XX ғасырдың 80 жылдарынан (1985-1988 жж) алдымен қолға алған Алаш зиялыларының ақталуы, олардың теориялық-шығармашылық мұрасының қайта оралуы, екіншісі еліміздің өз тәуелсіздігіне қол жеткізген 90 жылдардан бастап – азаттық тұғырын бекемдеуде, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде бұрынғы мұраға сүйену аздық ететінін, жаңа әлемде жаңаша әрекеттену, іздену керек екенін ұғына бастады. Осылайша Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың тәуелсіз жас мемлекетті аяғынан тік тұрғызған практикалық және теориялық жаңашылдығы Қазақстанның әрбір азаматының тағдырын анықтап берді. Ұлттық тарихты тану, жаңаша зерделу және еліміздің тамырлы тарихы мен тұлғаларын дәріптеу, мемлекеттік қауіпсіздік әркімнің және баршаның ісіне айналды.

Қазақтың хандары мен батырлары, билері мен жыраулары, елдікпен өмірден өткен зиялы ғалымдары қазақ тарихының бет бейнесі, халықтың өкілі, тұтастықтың кепіліне айналды. Елбасы төл тарихтың тағылымын бүгінгі мемлекетіміздің болашағы деп атап көрсеткен болса, тарихымыздың тағылымын зерделеген ойлар ұлттық идеямыздың мәнін негіздеді. Ата тарихтың рухы халықтың елдік санасының артуына ықпал етті.

Елбасының 2007 жылдан бастап жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында «XV-XVIII ғасырлар арасында Қазақ мемлекетінің іргесін бекітіліп, ал оны сақтау, кейінге аманаттау біздің басты міндетіміз екендігін еске салады. Оның жолында көршілес халықтармен – орыс-казактары, жоңғарлар, XVI ғасырдың екінші ширегінен бастап Еділ қалмақтары, Орта Азиялық хандықтармен қанды күрестер жүргізіліп, қазақ хандары мен зиялы қауымның дипломатиялық байланыстарды да орнатқаны, ел мүддесі үшін күрестерін негізге ала отырып, тәжірибе алуды насихаттайды».

Адам өмір бойына үйренеді, ұдайы жетіледі. Әрдайым өзін-өзі қамшылау, білімдіден үйрену, білгенінді үйрету, сол арқылы қоғамды алға сүйреу – Президентіміздің айрықша қасиеті. “Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы” – ұлт болып, Елбасы болып, өзін-өзі қамшылаудың айрықша көрінісі. Бәсекеге қабілетті болу үшін – адам факторы алғы межеге шығады. Ол адам бәсекеге қабілетті, білімді болуы керек. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, ең бір қиын кезеңде, 1993 жылы бюджет саласының қызметкерлеріне жалақы төлеуге қаржы табылмай жатқанда мемлекет өзінің ертеңін ойлады. Халықаралық “Болашақ” стипендиясын тағайындады. Білім берудің қазақстандық моделі жасалды. Білім беру саласында өмір бойы білім алу, өмір бойы іздену; үзбей жетілу тұжырымдамасы алғы межеге шықты.

Президентіміз 2003 жылдың көктемінен ешбір елде жоқ “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыра бастады. Бұл бағдарламаның бірінші кезеңі аяқталып, екінші кезеңі қарқын

алып келеді. Дүниенің төрт бұрышына шашылып кеткен, жоғалған, қолды болған, уақыт топырағына көміліп қалған, шетел асып кеткен небір ғажайып жәдігерлер қайтып оралды. Ауыз толтырып айтуға тұратын жауһарларымыз жарқ етті. Алтын Адам дүниені аралап кетті. Алтынмен апталған, күміспен күптелген Бергі ел – патша әбзелдері, сармат көсемдері күн көзіне шықты. Ұлтымыздың ұмытылып, жоғала бастаған рухани құндылықтарын іздеп тауып, барын базарлап, жүйеге түзіп, халықтың күнбе-күнгі қажетіне жаратуға тәуекел жасалды. Ғажайыптарды ғылыми айналымға енгізіп, ұрпақ санасына сіңіру жұмысы да басталды. Айналадағы елдер көжесін тауып ішуге зар болып жатқанда – біздердің бабалар мұрасын түгендеуіміз айтуы жоқ ыждағаттылық еді!

“Мәдени мұраны” кезең-кезеңге бөліп, қыруар қаржы шығарып, ол қаржыны қандай көздерден алып, қалай жаратуды өзі белгіледі. Дүниелік ақпарат құралдары: “Өзге елдер ат ізін салмаған бастама”, “Ұлттық құндылықтың қайта түлеуі”, “Тәуелсіздіктің алғышартының игі қадамы” деп дүрілдетіп жазып жатты. Расында ғой! Көп ел 1999 жылғы азиялық экономикалық құнсыздану құйынынан, 2008 жылдан басталған дүниелік дағдарыстан қиналып, апшысы қуырылып жатқанда – керісінше, Қазақстан экономикалық шайқалысқа төтеп бере отырып, бабалар ізін, қасиетті тірі сөзін түгендеуді жалғастыра берді. Тарихи кезеңді оқиғаларды тізбелеп отырғанымыздың мәнісі осы.

Өткен ғасырдың 90-жылдарындағы азиялық дағдарыстан да Елбасының арқасында аман өттік. Қазақстан дамуының 2000-2030 жылғы стратегиясы – елдің кемелденуіне арналған сараптама екенін келе-келе түсіндік. Өлгі стратегия елге толқын-толқын болып келетін жеті түрлі серпіліс әкелді: ұлттық қауіпсіздік жүйесін нығайту; елдің саяси құрылымын – Президенттік институт, қос палаталы парламент – архитектурасын қолмен құру; 30 корпоративтік көшбасшы нысанды шегелей түсіп, елді ашық рынокқа көшіру; білім беруді, денсаулықты, әлеуметтік әл-ауқатты сатылап көтеру арқылы өмір сапасының ұлттық стандартын жасау; экономикадағы голланд ауруын еңсере отырып, көмірсутегі көздерін өндіруден Қазақстанды мұнайлы елдердің ондығына шығару; көлік және байланыс жүйесін жолға қою; кәсіби басқару жүйесін қалыптастыру. Бұл жеті асудан ат шалдырмай өту оңайға түспеді. Тау қопарғандай толағайлы тәуекелді, жүрек жұтқан қазақ халқына тән батылдықты қажет етті.

Бұл жобаларды жүзеге асыруда Елбасы АҚШ-тың өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы Рузвельттің Ұлы дағдарыстан шығу жолын, Қытайдағы Дэн Сяопин драконының секірісін, Малайзияның “Перспектива 2020” жоспары секілді сол елдерді іркілістен жетелеп шығарған әлемдік тәжірибелерді де ескерді.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы – жаңашыл адам. Жаңашылдық оның мінезінің ең асыл қыры. Үстіміздегі жылдың үлкен сегіздік (G8) пен жиырма алпауыттың (G20) бас қосқан жиынында тағы да тосын жаңашылдығымен көзге түсті. Елден бұрын дағдарыстан шығу кілтін ұсынды. Өткен күннен сабақ ала отырып, ертеңгі күнге қалай қадам басуды ойласуға шақырды.

Әлем елдерінің лидерлері алдында «Адамзат әлі біліп болмаған дағдарысты, айрықша үрейлі құбылысты терең зерделеуіміз қажет. Ескі догмалар мен стереотиптерді сілкіп салып, экономикалық заңдарды қайта қарастыратын кезең келді. Жаңаша батыл көзқарас қажет», – дегенді алғаш айтқан да Қазақстан Президенті болды. Президенттің пәрменді іс-қимылынан кейін-ақ дағдарыс қазақ ұлтын рынок көпірінен есен-аман өтетін өміршендігін күшейтті. Дағдарыстан – дамуға қадам басамыз деген сенім жүрегіміздің төрінен шығып, көңілден үрей кетті.

Қазақстанның бүгінгі мен ертеңіне баршаның назары ауып отыр. Осы сыннан сүрінбей өту үшін Қазақстан халқына біліктілік пен бірлік, ынтымақ пен ізгілік, мемлекетшілдік пен отансүйгіштік керек. Бұл қасиеттер көп уақыт пен қыруар қаражатты қажетсінбейді. Олар ақылмен, жүрекпен, қайратпен, ел тағдырымен біте қайнаған. «Тарихтағы, дейді ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев, - өз орныңды білу, бабаларыңның ру төмпешігінің деңгейінде емес, жалпы ұлттық өреде мақтан тұту, ұлан-байтақ Еуразия тарихында ұлы істерге ұйтқы болған қазақтар мен олардың бабаларының өзіндік орнын танып-түсіну, ұлттық тұтастыққа кепіл болатын бүгінгі күннің ең қуатты тетіктері осылар!».

- «Біз қазақ деген елміз, ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт -береке кетпесін деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз...», - деп кезінде Қаз дауысты Қазыбек бабамыз айтқандай, қазақ тарихының Тұңғыш Президенті біздің жаңа дәуірдегі мемлекетіміздің бүкіл мақсат -мүдделерін, өсіп - өркендеуін тереңнен әрі кеңінен толғап, жаңа дәуірдегі қазақ мемлекеті оның тек бейбіт әрі жасампаздық жолымен, ешкімнің құқын шектемей, еш мемлекетке соқтықпай өз елін тарихи жолмен дамыту, оның әлеуетін көтеру арқылы әлем сахнасына шығуға болатындығын дәлелдеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбжанов Х. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. –Алматы, «Елтаным баспасы», 2014. -328 б. -5 б.).
2. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. II том. –Алматы: Атамұра, 1998. -640 б. - 447б.
3. Салқынов С. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еңбектері тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігі тарихының дерек көзі (1990-2006 жж.). кан. диссер. авторефераты. 134 б.
4. Атабаев Қ.М., Тасилова К.А., Толамисов А.Ф. Деректану пәнін оқытудың методикасы. Алматы «Қазақ университеті», 2011. – 299 б
5. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
6. Салқынұлы С. Тұңғыш Президент. – Алматы, «Бабамұра-м», 2006. – 253 б.
7. Тоқаев Қ. «Қазақстан Республикасының дипломатиясы». Алматы, 2002
8. Жұмашев Е. «Қазақстанның Ислам конференциясы Ұйымына төрағалығы: ұсыныстар және мүмкіндіктер». Қоғам және дәуір, №1-2011
9. «Тәуелсіздік толғауы»./Baq.kz. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сөйлеген сөзі
10. Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу (монография). – Алматы, Тарих тағылымы, 2010. -728 б. -31 б.

Бикенов А.Х.

**Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ
КӨНЕ ТҮРІК ҚОҒАМЫНА ТӘН БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ**

Л.Н.Гумилевтің шығармашылық мұрасына талдау жасайтын болсақ, ғалым зерттеулерінің алтын қазығы негізінен көшпелілердің тарихы мен этнографиясы болғанын көптеген еңбектерінен байқауға болады. Сондықтан да болар ол өзінің «Көне түркілер» деген еңбегінде «Түркілер қоғамын материалдық мәдениетінен гөрі, түріктердің қоғамдық тірлігі мен әлеуметтік институттарының күрделі түрлері қайран қалдырады: ел, еншілік – таспиктық жүйесі, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік үрдісі, сол сияқты, көрші елдердің идеологиялық жүйелеріне қоятын, мұқият әзірленген дүниетанымының болғандығы таң қалдырады»- деп атап өтеді [1].

Ұлы дала мемлекеттілігінің алты қазығына айналған түркі қағанаты VI ғасырда Еуразияның сайын даласында тарих сахнасына шықты. Ата бабаларымыз іргесін қалаған империя өзінің гүлденген уақытында Қиыр шығыстағы Кореядан Қара теңіздегі Қырымға дейінгі орасан зор шетсіз-шексіз аумақты алып жатты. Көне түркілердің кезеңіне қатысты тарихи деректерде, әсіресе ауызша шежірелерде жақсы сақталған аңыздарының өзінде билік институттары мен мемлекеттік құрылымы туралы көптеген жазбаларды кездестіреміз. Соның бірі түркі елінің арғы аталарының бірі — надулуше адам баласына, Прометей сияқты, отты пайдалануды үйретті дейтін аңыз: «Түрік елінің бабасы ғұн жұртынан солтүстікке қарай орналасқан Со деген иеліктен. Оның қасқыр анадан туған тұқымының бір Есеней-нишыду адам сенбес керемет қасиеттердің иесі еді. Оның екі әйелі болды: бірі Аспан рухының, көк аспанның қызы болса, екіншісі қаһарлы қыстың рухының қызы. Бірінші әйелінен төрт ұл туады, оның бірі аққуға айналып кетті, екіншісі Кико аталатын біреуі Апоу мен Кем өзендерінің арасындағы мемлекеттің негізін салды; үшіншісі Чу-си өзенінің жағалауынан патшалық күрды. Төртіншісі. ең үлкені, Надулище атты, Басы-чу-си-ши атты тауда мекен етті» [2]. Ежелгі түркі өркениетінің әлеуметтік-саяси саладағы даусыз жетістіктері қатарына қоғам жаңа әлеуметтік-саяси құрылымын қалыптастырғанын қосуға болады. Ол қоғамдағы мемлекеттіліктің нақты үлгісін қоғам бастаған империялық ақсүйектер атқарды. Бұл тұрғыда академик В.Бартольд былай деп атап өткен: «тюркское государство с самого начала находилось только под властью одной династий. но не одного лица» [3]. Ал Ашина әулетінен шыққан қағанның басты міндеті ежелгі түркі ескерткіштерінде айқын көрсетілген: «Когда вверху возникло голубое небо, а внизу - Бурая земля между ними обоими возникли сыны человеческие. Над сынами человеческими воссеми мои предки! ...Четыре угла света были им врагами. Выступая в поход с войском, иароды четырех углов света они все покорили... Они правили..., устанавливая порядок среди небесных тюрков, не имевших до того господина. Они были мудрые каганы, они были мужественные каганы, и их приказные были, надо думать, мудрыми, были надо думать, мужественными, и к беги и